

2018 жылға арналған пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 5 қазандағы № 102 қаулысы . Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 қазанда № 7268 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2018 жылға арналған ұйымдар бөлінісінде пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қамысты ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және өз әрекетін 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратады.

Қамысты ауданының әкімі

Ғ. Бекмұхамедов

2017 жылғы 5 қазандағы
№ 102 әкімдігінің қаулысына
қосымша

2018 жылға арналған ұйымдар бөлінісінде пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота мөлшері

№ р/н	Ұйымның атауы	Адамдардың, жұмысшылардың сандық тізімі	Квота мөлшері (жұмысшылардың сандық тізімінің %)	(Пробація қызметінің есебінде тұрған тұлғалар үшін жұмыс орындардың саны)
1.	"Алтынсарино" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	720	0,1%	1
2.	"ПКФ Қайрат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	2,0 %	1